



«БЕКІТІЛДІ»

Астана қ. әкімдігінің
Әдістемелік орталығы
басшысы

С. Дауешова С. Дауешова

« » 2025 ж.

**ӘБІЛАХАТ ЕСПАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ТҰЛҒАНДЫ АРМАНЫМА ҰҚСАТҚАНМЫН» БАЙҚАУЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. «Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын» байқауының (бұдан әрі – байқау) ережесі байқаудың мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, байқауға ұсынылатын шығармаларға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.
2. Ұйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК
3. Қатысушылар: жалпы орта білім беретін мектептердің музыка пәні мұғалімдері.
4. Өтетін уақыты мен орны: 2025 ж. 25 қараша, сағат 09:00-де, Ә.Ермеков атындағы «№38 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК, Ғ.Мүсірепов көшесі 8/2.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Қазақ музыкасының көрнекті өкілі, композитор Әбілахат Еспаевтың шығармашылығын насихаттау, педагогтердің инновациялық кәсіби, шығармашылық әлеуетін дамытуға қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Әбілахат Еспаевтың шығармашылық мұрасының тарихын білу, насихаттау;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді анықтау, оларды қолдау және көтермелеу;
- музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби тұрғыдан өсуін ынталандыру;
- шығармашыл педагогтерге қолдау көрсету.

III. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- Байқауға жалпы орта білім беретін мектептердің музыка пәнінің мұғалімдері қатыса алады.
- Байқау офлайн форматында өткізіледі.
- Жасы және жұмыс өтіліне байланысты шектеулер жоқ.

IV. БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Эстрадалық вокал»
2. «Вокалды топтар»

С. Дауешова

Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Шешім қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді, түпкілікті болып табылады, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

«Эстрадалық вокал» номинациясы

Байқауға қатысушы Әбілахат Еспаев шығармашылығынан жеке орындауда бір ән орындайды. Шығарманы орындаған кезде ең алдымен өзін таныстыру, әннің авторы мен шығу тарихы, орындалу ерекшелігі жайлы мәлімет беруі тиіс. Ән жанды дауыста айтылу керек. Сапалы минус (-) фонограммамен орындайды немесе музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындайды, ұзақтығы 3 минуттан аспауы керек. Әншілерге «+» фонограммамен орындауға тиым салынады.

«Вокалды топтар» номинациясы

Вокалды топтар ұжымының өнер көрсету бағдарламасы: қатысушылар Әбілахат Еспаевтың 1 шығармасын орындайды. Шығарманы орындаған кезде ең алдымен өзін таныстыру, әннің авторы мен шығу тарихы, орындалу ерекшелігі жайлы мәлімет беруі тиіс. Дуэт, трио, квартет, 6 адамнан аспайтын вокалды топтар қатыса алады. Ән жанды дауыста айтылу керек. Сапалы минус (-) фонограммамен орындайды немесе музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындайды, ұзақтығы 3 минуттан аспауы керек.

Ү. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- Орындаушылық шеберлік;
- Музыкалық шығарманы көркем түсіндіру;
- Музыкалық сезімталдығы, шығармадағы интонация тазалығы;
- Байқау жағдайындағы репертуардың сәйкестігі, шығарма аранжировкасының сапалылығы;
- Сахналық бейне (костюм).

Өтініштер үлгі бойынша 2025 жылдың 22 қарашасына дейін қабылданады, эл.почта: z.karakeeva@astana-modern.edu.kz Мерзімінен кешіктірілген өтініштер қабылданбайды. Сүйемелдеу фонограммасын осы почтаға алдын ала жүктеулеріңіз сұралады.

ҮІ. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

Қазылар алқасының шешімі негізінде байқау қорытындысы бойынша байқаудың жеңімпаздары Бас жүлде, 1, 2, 3 орындар дипломдармен, байқау нәтижесінде ерекшеленген ұстаздар номинациялар бойынша марапатталады және қатысушыларға сертификаттар беріледі.

I-қосымша

**ӘБІЛАХАТ ЕСПАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН МУЗЫКА ПӘНІ
МУҒАЛІМДЕРІ АРАСЫНДА
«ТҰЛҒАНДЫ АРМАНЫМА ҰҚСАТҚАНМЫН» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
БАЙҚАУЫНА**

ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

Қатысушының аты –жөні	
Мектеп	
Номинациясы	
Орындайтын шығарма	
Шығарма авторлары	
Қатысушының телефон номері, эл. почтасы	

Байланыс телефондары: +7 778 452 10 44, + 7 775 839 17 19